



ӘЙЕЛМЕЖ ӘЛЕМ ӘДЕМЖ!



ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№19 (3648)
8 наурыз 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әсем РАХМЕТОВА,
Парламент Сенатының депутаты:

«ӘЙЕЛДЕР ҮШІН ЕҢ БАСТЫСЫ – ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ, ЖАРЫНЫҢ АМАНДЫҒЫ, БАЛАЛАРЫНЫҢ БАҚЫТЫ»

– Әсем Қалайшақызы, мереке құтты болсын! Әйелдер мейрамында құттықтауын жолдайтындар көп болар?

– Иә, көктеммен бірге келетін осы мереке әйелдің бір ерекше құрметке бөленіп, қоғамдағы, отбасындағы орны сезіліп, мерейі тасып, қуанышқа бөленетін сәті ғой. Жалпы әйелдердің махаббаты, сезімі, түйсігі адамзатты алға жетелеп, өміріне шуақ, береке дарытатын күдіретті күш. Халқымыз, «Руынды түзегін келсе – ұлынды, ұлтынды түзегін келсе – қызынды түзе?» дейді. Бұл қоғамдағы әйелдің ақыл-парасатының маңызын көрсетсе керек. Осыны түсініп, әр ісімен айналаға өнеге дарытқан әйелдерге қандай құрмет көрсетсе де артық емес. Бірақ нәзік жандылар үшін ең бастысы – отбасының берекесі, жарының амандығы, балаларының бақыты. Ең үлкен сыйлық та осы. Еліміз аман, жеріміз тыныш болып, аналар бала тағдыры үшін алаңдамаса екен. Әрине, бұл күні сыйлық та аламын, өзім де сыйлық беремін. Алдымен анама сыйлық жасаймын.

– Әйелдер көп, олар еркектерден көп жасайды деген мәлімет бар. Себебі неде деп ойлайсыз?

– Өткенде демографияға байланысты Үкімет сағатын өткіздік. Сол кезде берілген мәліметтерге жүгінсек, ер балалар қыз балаларға қарағанда көбірек туылады екен. Бірақ олардың жиырма мен қырық жас арасында қайтыс болуы көп. Еркектер жол-көлік апаттарынан көп көз жұмады. Одан соң елу мен алпыс жас арасында инсульт, жүрек-қан тамырлары ауруларына жиі шалдығып, дүниеден өтіп кетеді. Осының салдарынан әйелдер мен еркектер саны арасында тепе-теңдік бұзылып отыр.

Әйел адамдарды көп деп айта алмаймын. Бірақ олар ер адамдарға қарағанда денсаулықтарын күткенінің арқасында созылмалы ауруларға азырақ ұшырайды. Бала кезімізде шақырылған қонақтар арасында жаулығы жарқыраған әжелеріміз көбірек отыратын еді. Бұл бір өмірдің заңдылығы да шығар. Ерлердің темекіге, ішімдікке құмарлығының, көбіне ауыр жұмыс істейтінінің де әсері бар. Сосын ер адам денсаулыққа уақытында көңіл бөлмей ауруды үдетіп алады. Одан кейінгі тенденция – коронавирус әсері. Өйткені, ол ауру толық кетіп қалған жоқ.

(Соңы 5-бетте)

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Жанат ОСПАНОВА, Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«ХАНЫМДАР – ОТАННЫҢ ДА, ОТБАСЫНЫҢ ДА ҚҰТЫ»

Дүниедегі ең қастерлі жан – Ана! Ең қадірлі сөз – Ана! Саған да, маған да, оған да, күллі адамзатқа тілеулес бір адам болса, ол да – Ана! Ана жадыраса әлем шуаққа бөленеді. Бүкіл тіршілік анадан, әйелден бастау алады. Көктеммен тұспа тұс келетін 8 наурыз мерекесінің кез келгеніміздің жүрегімізге жылылық, сәуле құятыны да сондықтан. Дәл осы мереке тұсында мейлі ол үлкен қызметкер болсын, мейлі ол қарапайым жан болсын өзіне жақын аруды, жарды, баланы, ананы құттықтауға, жүрекжарды тілегін арнауға асығады. Қоғамның, отбасының, Отанның берекесі мен мерекесі де осы аяулы арулар. Жанат Оспанова да өзінің адал еңбегімен көп құрметіне бөленген жан. Отбасы мен қызметті қатар алып жүрудің қиындығы, қызығы мен шыжығын да бір кісідей білетін білікті басшы, кәсіби маман, құрметті судья. Қажырлы еңбегінің арқасында елдің алғысына бөленген Жанат Әнуарқызымен мереке қарсаңында аз-кем әңгімелесудің сәті түсті.

(Соңы 2-бетте)



• ҚОЛДАУ

КӘСІБІН БАСТАЙМЫН ДЕГЕН АРУЛАРҒА МҮМКІНДІК МОЛ

Қыз-келіншектерді жұмыспен қамту, жаңа кәсіп игеруіне жағдай жасау бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар ауқымды. Ал оның нәтижесі қалай? Айымдар мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалана алып отыр ма? Осы мәселеге қатысты «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры, Жұмыспен қамту мен шағын және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту департаментінің жетекшісі Айдана ТОҒЫЗБАЕВАНЫҢ пікірін білген едік.

«Бір ауыл – бір өнім»

Жұмыспен қамту, шағын және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мемлекеттің жіті назарында. Со-

нымен бірге, әйелдердің жаңа кәсіп меңгеріп, өз бетінше жұмыс істеуіне «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы да зор көңіл аударып отыр. Соның ішінде «Бір ауыл – бір өнім» жобасының орны бөлек.

«Бір ауыл – бір өнім» (One Village One Product)



Жапонияда жастар жұмыс пен жайлы өмір іздеп ауылдан қалаға қоныс аударып, онда тек егде жастағы адамдар ғана қалған. Сондықтан ауылдар мен ондағы тұрғындардың хал-жағдайы біртіндеп төмендей бастады. «Бір ауыл – бір өнім» аймақтық даму бағдарламасы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге бағытталған үлкен қозғалысқа айналады. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – қоғамдастықтар арқылы жергілікті шикізаттардан қосылған құны жоғары тауарларды өндіру арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеру. Кейін ол біртіндеп тек Жапонияға ғана емес, әлемнің өзге елдеріне де тарала бастады. Бүгінде ол Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) қолдауымен 20 шақты елде жүзеге асуда. Оның ішінде біздің Қазақстан да бар.

Қазақстандағы бұл жобаның бастамашысы – «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасы мен «Атамекен» ҚР ҰКП жанындағы Іскер әйелдер кеңесі. JICA мәліметіне қарағанда, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасына қатысушы елдер арасында оны ең сәтті жүзеге асырған Қырғыз Республикасы болып отыр. Онда ол 14 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатыр.

(Соңы 4-бетте)

32. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті «Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:
1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: «Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы ауданы, Алматы қаласы, Қабабай батыр көшесі, 110 үй мекенжайында орналасқан, тел. 8(727)272-84-45.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.
Кәсіпорын қызметінің мақсаты опера және балет өнері саласындағы мемлекеттің мәдениет саясатын практикалық іске асыруға бағытталған сахналық, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
Қадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе «Шетелде кадрлар даярлау бойынша республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс орган) бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орндарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану)

және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

3. Лауазымдық міндеттері:
Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді; мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді; қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) шығаруды ұйымдастырады; қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді; Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі; шарттарды және мөмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді; ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады; бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

4. Білуге тиіс:
Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі; «Авторлық құқық және сабақтан құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

ТАРАТУ

2. «М.О. Ауэзова 87» мүлік иелері бірлестігі», БСН 220640040510 (ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 87 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 87 үй, 57 пәтер. Тел. 87088501084.

3. «Ауэзова 75» мүлік иелері бірлестігі», БСН 220640040154 (ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 75 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 75 үй, 36 пәтер. Тел. 87051659764.

4. «Ауэзова 77» мүлік иелері бірлестігі», БСН 220640040342 (ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 77 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.О. Әуезов көшесі, 77 үй, 55 пәтер. Тел. 87476241722.

5. «ALTYN ZAN» ЖШС, БСН 131140028309 (ҚР, 130000, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 28 шағынаудан, 65 ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағынаудан, 65 ғимарат, 300 кабинет. Тел. 87019129535.

6. «Caspian Engineering Group» ЖШС, БСН 180240014587, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағынаудан, 65 ғимарат, 300 кабинет. Тел. 87019129535.

7. «Бекбау» ауылшаруашылық кооперативі (БСН 160540019545) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021725, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Кіндікқарағай ауылы, 24 үй.

12. «AUKAT ENGINEERING» ЖШС, БСН 230640037106, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 94 үй, 73 пәтер. Тел. 87015556677.

13. «SantechMarket Keremet» ЖШС филиалы, БСН 201241034114 (ҚР, 140011, Астана қаласы, Ахмет Жұбанов көшесі, 29А ғимарат, 205 кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: (ҚР, Астана қаласы, Ахмет Жұбанов көшесі, 29А ғимарат, 308 кеңсе. Тел. 87015066469.

16. «Тікелей инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту қоры» жеке қоры (БСН 210740031226), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қ., Сарайшық көшесі, 1 ғимарат, 518 кеңсе.

17. «Centre of Law Education» ЖШС, БСН 160240014305, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Мақтаев көшесі, 127/9 үй, 307 пәтер. Тел. 87077410255.

18. «MASAM» ЖШС, БСН 210940009940, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Шу қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 153 үй, тел. 87019893134.

19. «БМТ АГРО» ЖШС, БСН 210340012364, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Бердияр Манас. Тел. 87023254973.

20. «AgroSunrise» ЖШС, БСН 210940009930, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шу қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 153 үй, тел. 87019893134.

21. «Әлім-Ата» ҚҚ, БСН 160540024650, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Бәйбішев к-сі 29 үй тел. +77021995887.

22. «ТРАНСПОРТНЫЙ СЕРВИС АБИНУР» ЖШС, БСН 191140007911, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы, Қонысов Сақыпжан көшесі, 44Б, тел. 87054638364.

31. «Ай-Муслим» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС, БСН 220240033107, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы, Ә.Жылқышиев аллеясы, 2 ғимарат, пошта индексі 160905.

ӨРІНДІ

10. Қармақшы аудандық сотының 2024 жылдың 22 ақпанындағы ұйғарыммен Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Торғай кенті, Ә.Молдағұлова көшесі, 25 үйдің тұрғыны Ахметова Саркыт Иззаканованың арғызы бойынша 1979 жылдың 17 желтоқсанында туған ұлы Абдулов Руслан Бақитбековичті қайтыс болды (өлді) деп жариялау туралы 2024 жылдың 22 ақпанында №4346-24-00-2/105 санды азаматтық іс қозғалған. 1979 жылдың 17 қарашасында туған Абдулов Руслан Бақитбекович жөнінде ақпарат болған жағдайда газетке хабарландыру шыққан күннен бастап үш ай мерзім ішінде Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай көшесі, 94Б мекенжайында орналасқан Қармақшы аудандық сотына немесе ішкі істер органдарына хабарлауды сұраймыз.

11. «Nurorda» мектеп-лицейі» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172695037, 87172695058.

15. «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды.

24. Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 19 мекенжайында орналасқан «Кеген ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540005102, құрамынан бөліну жолымен «Кеген ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Кеген ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 19. Байланыс телефондары 87277722364.

25. Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19 мекенжайында орналасқан «Кеген ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 180540005053) құрамынан бөліну жолымен «Кеген ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Кеген ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі № 19. Байланыс телефондары 87277722568, 87277722030.

26. Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 9 мекенжайында орналасқан «Кеген ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 180540005519) құрамынан бөліну жолымен «Кеген ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Кеген ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 9. Байланыс телефондары: 8(72777)22489.

27. «Достық Жер МК» ЖШС-нің (БСН 080240010157) қызметін жүйеге қою мақсатында Серікестік мүддесі жағдайларына байланысты «Достық Жер МК» ЖШС-нің жалпы жиналысы ұйымдастыру қажеттілігі туындауда. Осыған орай, «Жауапкершілігі шектеулі жеке қосымша жауапкершілігі бар серікестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І заңының талаптары бойынша, «Достық Жер МК» ЖШС-нің жалпы жиналысына шақырылым жіберіледі. Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен жұмыс жиналыс 2024 жылғы 8 сәуірде сағат 09:00-де III-Интернационал ауылының Мәдениет үйіне өтеді. Тіркелу уақыты: сағат 07:00-ден 09:00-ге дейін.

2024 жылғы 8 сәуірде сағат 09:00-де өтетін жиналыстың күн тәртібі:

1) «Достық Жер МК» ЖШС-нің жарғылық капиталдық үлесінің азайуы туралы;

2) Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша өзгерістерді қызметтің орғанда тіркеу бойынша оқылдықты беру туралы.

Жалпы жиналыстың түрі: кезектен тыс. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі: Регламент бойынша ҚР Азаматтық кодексі, «Жауапкершілігі шектеулі жеке қосымша жауапкершілігі бар серікестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І заңының нормалары басшылыққа алынады.

28. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Амангелді көшесі, 19А мекенжайында орналасқан «Райымбек ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 11240020869) құрамынан бөліну жолымен «Райымбек ауданының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Райымбек ауданының кәсіпкерлік және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Абай көшесі, 100. Байланыс телефондары 8(72779)22031.

29. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, 22 мекенжайында орналасқан «Райымбек ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 050240007697) құрамынан бөліну жолымен «Райымбек ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Райымбек ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, 22. Байланыс телефондары: 8(72779)22036.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-223/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын; ішкі еңбек тәртіптері мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;
- 6) 075-у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) жеке куәліктің көшірмесі;
- 8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидатпен EGOV арқылы алынады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2024 жылғы 8 наурыздан бастап 2024 жылғы 22 наурызға дейін жүргізіледі.

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс, 255 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефоны бойынша алуға болады.

30. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Абай көшесі, 100 мекенжайында орналасқан «Райымбек ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 11240019914) құрамынан бөліну жолымен «Райымбек ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Райымбек ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Амангелді көшесі, 19А. Байланыс телефондары: 8(72779)22029.

БАШҚАРАУ

23. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өндірісінде «ОТА» ЖШС, БСН 020540015138, банкроттық туралы арғызы қаралуда. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 15Б, 508 кабинет, уақытша басқарушы В.Д. Тян, тел. 87759963621.

МҰРАҒА

8. 2015 жылы 19 наурызда қайтыс болған Сентаева Казидың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

9. 19 қаңтар 2021 жылы қайтыс болған Жұпарбекұлы Есенбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

14. АИТВ-ға байланысты стигма мен дискриминация медициналық көмек көрсету кезінде аса салмақты тосқауыл болады.

Дискриминацияға тап болу үрейі адамдарды өзінің АИТВ статусын ашық мойындаудан ұстап тұрады. АИТВ-инфекциясы бар немесе болуы мүмкін адамдар медикосанитарлық көмек алуға, баспаналы болуға, қызметке тұруға, сақтандыруға, шетел мемлекеттеріне шығуға рұқсат етілмей ме, олардың достары мен қызметтестері теріс айына ма деп қауіптенеді. Кейбір жағдайда оларды өз отбасылары үйлерінен қуады (тәжірибеде кездесетін жайт) жұбайы ажырасуға арыз береді, зорлық-зомбылық көрсетіледі.

АИТВ-ға байланысты стигма келер ұрпаққа өтіп, АИТВ-дан қайтыс болған ата-аналарының қазасының зардабын жеңуге тырысып жүрген балалардың иығынан түскен ауыр жүк болып табылады. Стигма мен дискриминацияға соғыс жариялап барып қана АИТВ-ны жеңіп шығуға болады. Мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар мен ЖИТС орталықтары бірігіп жұмыс жасалғанда, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға көмек көрсетуге біріккенде ғана жақсы қасиеттер көзге түсе бастайды. Ал егерде туыстары мен жақын адамдары және бірлестіктер тарапынан адамдар стигматизация мен остракизмге ұшыраса, сонымен қатар жеке тұлғалар мен қоғам тарапынан дискриминацияға тап болса, онда жаман қасиеттер біліне бастайды.

Неге барлық жұқпалы аурулардың ішінде дәл АИТВ стигмаға шалынады? Стигманың таралуының негізгі себебі: сауатсыздық пен қорқыныш. Егер де адамға мәліметтер жетпесе, онда оның орны жинақталған жеке ойдан шығарылған, жалған стереотиптермен толығады. Егер осы стереотиптер адамды үрейлендіретін нәрсені байланысты болса, онда осындай қасиеттері бар адамдарға қорқыныш сезімдерін қуаттайтын жағымсыз ерекшеліктер жазылады. АИТВ-сы бар адамдардың стигматизациясына бірақтар факторлар әсер етеді: АИТВ – адам өміріне қауіп төндіретін ауру, ал өлім тақырыбы біздің қоғамда тыйым салынған және қорқынышты тақырып болып саналады. АИТВ бойынша мәлімет аз адамдар, оны өте нашар көніл-хошпен, сыртқы бет-бейіненің өзгеруімен тенеіді. АИТВ жұқпалы болып саналады және оның таралу жолдары туралы хабарсыздық әлі кездеседі. Адамдар АИТВ-ны қоғамда стигматизацияға ұшыраған адамдарды есірткі тұтынушылармен, секс жұмысшыларымен, еркекпен жыныстық қатынасқа түсетін еркектермен тенеіді. Стигма адам құқығының бұзылуы мен қоғамдағы дискриминацияның басты себебі болып саналады. Жағдайды өзгерту үшін әрқайсысымыз өзімізден бастауымыз керек. Өз денсаулығымызды әр күн сайын ойлап, АИТВ-ның әркімге қатысты екендігін саралау қажет.

С. КОЖАЛИМОВА,
Алматы облыстық ЖИТС орталығының
дәрігер-эпидемиологы, ұйымдастыру-әдістемелік
бөлім меңгерушісі

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zangreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.